2023 жылғы 12 шілде 107-1367

**Астана қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығының 77-тармағын орындау барысында, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленушілердің мынадай санаттарын:

1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды;

2) даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды;

3) көп балалы отбасылардан шыққан балаларды;

4) атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларды;

5) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балаларды тегін тамақтандыру ұйымдастырылсын.

2. «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы осы қаулының 1-тармағынан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енеді және 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

**Астана қаласының әкімі** **Ж. Қасымбек**

«Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ
Мемлекеттік-құқықтық бөлімі

Астана қаласы
әкімдігінің және әкімінің актілері үшін

12 июля 2023 года 107-1367

**Об организации бесплатного питания отдельным категориям воспитанников дошкольных организаций образования города Астаны**

Во исполнение пункта 77 Указа Президента Республики Казахстан от 26 ноября 2022 года № 2 «О мерах по реализации предвыборной программы Президента Республики Казахстан «Справедливый Казахстан - для всех и для каждого. Сейчас и навсегда», в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 марта 2012 года № 320 «Об утверждении размеров, источников, видов и Правил предоставления социальной помощи гражданам, которым оказывается социальная помощь», акимат города Астаны **ПОСТАНОВЛЯЕТ**:

1. Организовать бесплатное питание в дошкольных организациях образования с размещенным государственным образовательным заказом на дошкольное воспитание и обучение следующим категориям воспитанников:

1) детям-сиротам и детям, оставшимся без попечения родителей;

2) детям с ограниченными возможностями в развитии;

3) детям из многодетных семей;

4) детям из семей, имеющих право на получение адресной социальной помощи;

5) детям из семей, не получающих государственную адресную социальную помощь, в которых среднедушевой доход ниже величины прожиточного минимума.

2. Руководителю Государственного учреждения «Управление образования города Астаны» принять необходимые меры, вытекающие из пункта 1 настоящего постановления.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Астаны.

4. Настоящее постановление вступает в силу с 1 сентября 2023 года и действует до 31 декабря 2026 года.

**Аким** **Ж. Қасымбек**

«Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ
Мемлекеттік-құқықтық бөлімі

Астана қаласы
әкімдігінің және әкімінің актілері үшін